

19 желтоқсан
Жұма,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

ОЙЫЛ

ҚАУІПТІ ҚАЙДАН ДЕМЕҢІЗ!

ЖАЙЛЫ КҮЗ ЖЕЛТОҚСАННЫҢ ОРТАСЫНА ДЕЙІН ЖАЛҒАСТЫ. КЕНЕТТЕН ЖАУҒАН ҚАР АЛАЙ-ДҮЛЕЙ БОРАНҒА ҰЛАСЫП, ҚАТТЫ АЯЗ БУЫП ТҰР. ӨРИНЕ, ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ АУА-РАЙЫНЫҢ КҮРТ БҰЗЫЛАТЫНЫН ДАМЫЛСЫЗ ЕСКЕРТІП ЖАТТЫ. СОҒАН ҚАРАМАСТАН ЕТЕК-ЖЕҢІН ЖИНАП ҮЛГЕРМЕГЕНДЕР ОПЫҚ ЖЕП ҚАЛДЫ.



Рас, қыстың сәні - қар. Өрине, «кәрі құданың» ертең қандай «сый» ұсынарын ауа-райын болжаушылар топшылап бақылап отыр. Дегенмен, қыста қауіпті қайдан деуге болмайды. Кешегі үш күнгі боран қыс мезгілінің қандай болатынын есімізге салды. Бірақ, содан сабақ алсақ, көне? Қыста қар түссе қауіптің күшейетіні анық. Өсіресе ұзақ

жолға шығатын көлік жүргізушілері қиындықпен бетпе-бет келеді. Соңғы күндері елімізде қар жауып, соңы боранға ұласып жатыр. Бұл жолда жоғары жылдамдықпен жүргендерді ажалмен беттестірмесіне де кепілдік жоқ. Сондай-ақ ауданға келетін, кететін көліктердің, жолаушы тасымалымен айналысатындардың

қарасы қалың. Сондықтан жолға шығар алдында мұқият ауа райы болжамын зерделеу керек. Қозғалыс үшін қандай жолдар жабылуы мүмкін екенін анықтау маңызды. Бұдан кейін төтенше жағдай бола қалған жағдайда «темір тұлпардың» уақытша панаға жарауын қаперде ұстау керек. Өсіресе, қазіргі күні мал шару-

ашылығымен айналысып отырған шаруалар ескерер жәйт көп. Қыстың қысқа күні мал іздеп бейнетке ұшырап қалу қаупі жоғары.

Қыста балық аулауға құмарлардың да қаперге алары көп. Ауа райы мың құбылатын мерзімде жолаушылар мен көлік жүргізушілерінің аمانдығы маңызды.

Қарлы боранның ұйытқығанына, төпелеп жауған қарға, жолдың көктайғақ мұзға айналғанына қарамастан алыс жолға шығатын тұрғындар кездеседі.

Тіпті, құтқарушылардың ескертуіне құлақ аспай, өз өмірлеріне қауіп төндіріп жатады. Міне, осындай әрекеттер оқыс жағдайлардың туындауына себеп болады. Демек, қыс мезгілінде сақтық шараларын барынша ескерген жөн. Тіпті, Тәңірінің өзі әуелден «Сақтансаң, сақтаймын!» - дейді. Яғни, сақтық та қорлық жоқ.

Өзің де бейнетке ұшырамайсың, жұртты да әбгерге салмайсың! Сондықтан, «Құтқару қызметінің» ескертпе хабарламаларын уақытында оқып, қаперге алып жүру керек!

Серікбай ҚОЙБАҒАРОВ,
Ойыл селосы.

АСТАНАДАН ЖЕТКЕН СЫЙ



Депутаттық мандат – ел сенімі. Ауылының аманатын арқалап, елдің артқан сенімін ақтау үшін және ауылының ауған көшін түзетіп, түтінін түзу ұшыруға тырысып жүрген халық қалаулыларының бірі - аудандық мәслихаттың №6 сайлау округінен сайланған депутаты Назгүл Ешпанова. Ауылда кәсіпкерлікті дөңгелетіп отырған келіншек әрбір сайлаушысының сауалына құлақ түріп, ауылдың әлеуметтік тұрмысын арттыруға атсалысып жүр.

Тәуелсіздік күні қарсаңында бұқара мен биліктің арасында алтын көпір болып отырған Назгүл Қайроллақызына Аста-

надан ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының төрағасы Мәулен Өшімбаев Құрмет Грамотасын жолдапты.

Жуырда аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен аудандық мәслихаттың төрағасы Сәкен Займолдиндер Астанада келген сыйды иесіне салтанатты түрде тапсырды. Қашанда қоғамдық шаралардың бел ортасында жүріп, туған жерін түлетуге үлес қосып, қысылғанға қолұшын созып, елдің алдында еңсесін тік ұстаған Назгүлді лайықты марапатымен құттықтаймыз!

ЕРСАЙЫННЫҢ ЕЛОРДАДАҒЫ «ТАБЫСЫ»

ЖУЫРДА АСТАНА ҚАЛАСЫНДА «ЗИЯТКЕР ҰСТАЗ» БАСТАУЫШ СЫНЫП МҒАЛІМДЕРІ АРАСЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ШАХМАТ ТУРНИРІ ӨТТІ. АТАЛҒАН ЗИЯТКЕРЛІК ДОДАҒА ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАРЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫНАН 130 МҒАЛІМ ҚАТЫСЫП, ӨЗАРА ШЕБЕРЛІКТЕРІН СЫНҒА САЛДЫ.



Ақтөбе облысының намысын қорғаған үш педагогтің қатарында Ойыл ауданы, Көсембай негізгі мектебінің бастауыш сынып мұғалімі Ерсайын Аққошқаров та болып, жүлделі 5-орынды иеленді.

Бұл жетістік – ағайдың тек пәндік білімі мен логикалық ойлау қабілетінің ғана емес, сонымен қатар оқушылардың ақыл-ойын, шығармашылық әлеуетін дамыту жолындағы тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Осындай республикалық деңгейдегі байқауларға қатысып, өңір абыройын асқақтатып жүрген ұстаздар – жас ұрпаққа үлгі, әріптестеріне мотивация. Білімі мен білігі ұштасып,

өнерімен де талай өрге жүзген ұстаздың әлемдегі ақыл-ойды дамытатын спорттан да оза шабуы интеллектуалдық ойынның сергек жүруге септігі көп екенін дәлелдеді.

Шахматтағы ойын ережесін шынайы өмірмен байланыстырсақ, мұнда да алдағы жүрісінді аңдамай, шолақ ойлап, асығыс шешім шығарсаң, айлалы қарсыласыңның тұзағына түсіп, тығырыққа тірелуің әп-сәтте. Сондықтан, бастауышта Ерсайын Құрылысұлының алдынан өткен шәкірттерінің басым бөлігінің ақылын тізгіндеп, ойын жүйелеп жеткізе білуінің бір сыры осы болса керек!



МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕГІ ӘДЕП МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ МЕРЕЙІ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ӨДЕБІ ТУРАЛЫ БІРНЕШЕ РЕТ ТОҚТАЛҒАН БОЛАТЫН. 2023 ЖЫЛҒЫ 23 МАУСЫМДА, МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕР КҮНІНЕ АРНАЛҒАН ҚҰТТЫҚТАУЫНДА ПРЕЗИДЕНТ: «ӨДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАНДЫ ҚҰРУ ҮШІН ӨРБІР ҚЫЗМЕТШІНІҢ ОТАНШЫЛ, АДАЛ БОЛУЫ ЖӘНЕ ӨЗ ІСІНЕ ЖАУАПКЕРШІЛІКПЕН ҚАРАУЫ ӨТЕ МАҢЫЗДЫ» ДЕП АТАП ӨТТІ.

2024 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫНДА МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ:

«Мемлекеттік қызметшілердің азаматтармен тікелей сөйлесуі қалыпты жағдайға айналды. Олар жауапкершілікпен, ашық және тиімді жұмыс істей бастады» деген болатын. Ал, 2023 жылы Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда Президент: «Мемлекеттік қызметші ең алдымен халыққа, елге адал қызмет етуді мақсат тұтуы тиіс. Адал азамат дегеніміз – осы» деп атап көрсетті. Бұл пікірлер мемлекеттік қызметшілердің әдебі – қоғам алдындағы сенімнің басты кепілі екенін айқындайды.

Мемлекеттік қызметші – халық пен билік арасындағы көпір. Оның әрбір сөзі мен іс-әрекеті қоғамның мемлекетке деген көзқарасына тікелей әсер етеді. Сондықтан, мемлекеттік қызметшілердің кәсібилігімен қатар, қызметтік әдебі де аса маңызды. Қызметтік әдеп – ресми талап қана емес, ол халық алдындағы адалдық пен жауапкершіліктің көрінісі. Өдеп кодексінде мемлекеттік қызметшілер үшін негізгі қағидалар белгіленген: адалдық, әділдік, ашықтық, сыпайылық және азаматтарға құрметпен қарау. Бұл қағидаларды сақтау – халық сенімін нығайтудың басты жолы.

Мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын сақтауын, бұзушылықтардың алдын алуын қамтамасыз

ететін Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің жанынан аумақтарда құрылған консультативтік-кеңесші орган Әдеп жөніндегі кеңестің қызметін ерекше атауға болады. Әдеп жөніндегі кеңес қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтардың алдын алып, мемлекеттік қызметшілердің жауапкершілігін қараумен қатар олардың құқықтарын қорғауды да жүзеге асырады.

Кеңеске мемлекеттік органдардың өкілдерінен бөлек, мәслихат депутаттары, журналистер, қоғамдық бірлестіктердің өкілдері қатысады. Кеңес отырыстарында қаралатын мәселелердің ашықтығын және объективтілігін қамтамасыз ету мақсатында жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері шақырылып отырады. Кеңес отырысына бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінің шақырылуы мемлекеттік қызметшілер арасындағы бұзушылықтардың алдын алу бойынша жүргізіліп жатқан шараларды көңінен насихаттауға, сондай-ақ Әдеп жөніндегі кеңеске деген қоғамдық сенімнің қалыптасуына көмектеседі.

Жыл басынан бастап Ақтөбе облысында Әдеп жөніндегі кеңестің 9 отырысы өткізілді. Бұл ретте, жылдан жылға кеңесте қаралатын тәртіптік істердің саны азайып, профилактикалық сипаттағы мәселелердің көбейгені байқалады. Оның дәлелі, 2023 жылы Әдеп жөніндегі кеңесте 30 профилактикалық мәселе

қаралған болса, бұл көрсеткіш 2024 жылы 31-ге, ал 2025 жылы 37-ге көбейген. Сонымен қатар, Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері мемлекеттік қызметшілердің әдептілік деңгейін көтеруге бағытталған шаралар қабылдап, белсенді жұмыс жасауда. Кеңес мүшелері отырысқа қатысып қана қоймай, мемлекеттік органдар арасында, оның ішінде аудандарға барып мемлекеттік қызметшілермен кездесіп, азаматтарға жеке қабылдау жүргізеді. Ағымдағы жылдың 9 айының қорытындысы бойынша кеңес мүшелерімен 92 жеке қабылдаулар жүргізілсе, оның 10-ы көшпелі қабылдаулар болды. Сондай-ақ, кеңес мүшелерімен 168 профилактикалық іс-шаралар, оның ішінде 10 теледидарға сұхбат беріу, әлеуметтік желілерге 135 және жергілікті газеттерге 23 мақалалар жарияланды. Бұдан бөлек, Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаменті тарапынан мемлекеттік қызметшілердің құқықтарын қорғау мен олардың әлеуметтік кепілдіктерін қамтамасыз ету мақсатында жүргізіліп жатқан жұмыстар аз емес. Соның бірі мемлекеттік қызметшілерге іссапар шығындарын төлеу мәселелеріне жүргізілген талдау нәтижесінде ағымдағы жылдың жылдың 9-айының қорытындысы бойынша өңірдегі мемлекеттік органдардың 117 мемлекеттік қызметшісінің құқықтары бұзылған. Бұл талдау нәтижелері Ақтөбе облысындағы

әдеп жөніндегі кеңесте қаралып, нәтижесімен олардың (117) бұзылған құқықтары қалпына келтірілді. Мемлекеттік қызметшілердің мүддесін қорғаудың тағы бір түрі – үстеме жұмыстарға тартуға жол бермеу. Ағымдағы жылдың 9 айы бойынша жүргізілген мониторинг нәтижесінде 145 мемлекеттік қызметшінің тынығу сағаттарын беру және өтемақы төлеу арқылы құқықтары қалпына келтірілді. Бұдан басқа, мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік-тұрмыстық және өзге де жеке қажеттіліктерін өндіріс мүдделерімен үйлестіру мақсатында қызметшілер үшін икемді жұмыс уақыты режимі белгіленуі мүмкіндігі қарастырылған. Осы режимді өңірде 31 мемлекеттік қызметші қолдануда. Жалпы, икемді жұмыс уақыты режимін қолдану мемлекеттік қызметшінің тиімді жұмыс атқаруына септігін тигізері сөзсіз.

Қорытындылай келе, қызметтік әдеп – формалды ереже емес, ол – халық алдындағы сенім мен әділдіктің өлшемі. Президентіміз атап өткендей, адалдық пен әділдік – әрбір мемлекеттік қызметшінің басты қасиеті болуы тиіс. Ал осы қасиеттерді іс жүзінде нығайту – мемлекеттік қызметтің тиімділігін арттырып, халық сенімін күшейтеді.

А. ШІЛМАНОВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

ОЙДАҒЫ ЕЛДІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

Он алты мыңнан астам тұрғыны бар Ойыл — облыс орталығынан шалғай орналасқан аудан. Халқы негізінен ауыл шаруашылығымен, соның ішінде мал шаруашылығымен айналысады. Бір-екі жыл шамасында көктемгі су тасқыны кезінде ауылдарды су алып, баспанасы мен малынан айырылған, жолдарды тасқын шайып кетіп, орталықпен байланыс үзілген аудандағы бүгінгі жағдай тұрақты. Жаңа үйлер салынып, жолдар қалпына келтіріліп, тірлік көшіне қайта ілескен аудан тұрғындары бүгінде кәсібін жүргізіп, шаруашылығын тіктеді.

Ауданның қазынасы ортаған жоқ: аудан әкімі Асқар Қазыбаев берген дерекке сүйенсек, жыл басынан бергі он айда бюджетке 7 687 128,5 мың теңге түсіпті. Кіріс жоспары 101,9 пайыз орындалған. Ойылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы туралы аудан әкімі Асқар Қазыбаевпен сұхбаттасқан едік...

— Жыл басынан бергі он айда жергілікті бюджетке түсетін салық көлемі — 942 374,4 мың теңге болып, жоспар 118,5 пайыз артық орындалды. Оның ішінде 4-деңгейлі бюджет салық түсімдері 154,1 пайыз орындалды. Өнеркәсіп, құрылыс жұмыстары көлемі, мал шаруашылығы бойынша жалпы өнім өндіру көлемі артты.

Аудан экономикасының неенгізі драйвері — ауылшаруашылығы саласы екені белгілі. Бұл салада да оң көрсеткіштер бар. Ауданда 34004 мүйізді ірі қара, 106795 қой-ешкі, 19666 жылқы, 48 түйе, 11075 құс тіркеліп отыр. Мемлекеттік және салалық бағдарламалар бойынша да жұмыс атқарылып жатыр. Аудандағы31 шаруа қожалығында 3377 бас асылтұқымды мүйізді ірі қара, 33 шаруа қожалығында16034 бас асыл тұқымды ұсақ мал бар.

Агроөнеркәсіптік кешені саласындағы жол картасына сәйкес асылтұқымды мүйізді ірі қара малын көбейту мақсатында барлығы 456 бас асылтұқымды мал сатып алынды. Аудан бойынша шаруашылық субъектілері биыл лизингке құны 497,3 миллион теңге болатын 70 жаңа трактормен мал азығын дайындайтын агрегаттар сатып алды.

Саралжын ауылдық округіндегі «Спарта» шаруа қожалығы «Аграрлық кредиттік корпорациясы» арқылы «Кең дала» бағдарламасымен көктемгі далалық жұмыстарына 10,0 миллион теңге несие алды. Шығанақ Берсиев ауылдық округінің «Рахат» шаруа қожалығы «АгроҚаржыНесие» орталығынан 33,0 миллион теңгеге 104 ақбас асыл тұқымды мүйізді ірі қара, «Берік-С» шаруа қожалығы 45,0 миллион теңгеге 80 ақбас асыл тұқымды мүйізді ірі қара алды. Картоп, көкөніс және бақша дақылдарын егумен айналысатын «Спарта», «Темірлан» және «Толыбек» шаруа қожалықтары егістік алқаптарында су үнемдеу мақсатында жыл сайын тамшылатып суару әдісін қолданып келеді.

Жалпы ауданда 1036 шағын кәсіпкерлік субъектісі бар. Биыл тіркелген жеке кәсіпкер саны — 97, оның ішінде азық-түлік дүкендері, көлік жуу қызметтері, брусчатка жасау қызметі, кулинария, газ құю бекеті, т.б. нысандар ашылып, жұмыс істеп жатыр. Ауданда 7 ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі бар.

«Ауыл аманаты» жобасы басталғалы, яғни соңғы үш жылда аудан тұрғындары 220 жобаны қолға алды. Бұл мақсатта тұрғындар 1082,8 миллион теңге көлемінде жеңілдетілген несие қаражатына ие болды.

Қысқы мал азығы да қажетін-

ше әзірленді. Қыс мезгіліне 131,8 мың тонна мал азығы дайындалды, яғни жоспар толығымен орындалды. Жеке тұрғындар үшін 1897 аулаға мал азығы жеткізіліп, қосымша екі мың тонна мал азығы қоры дайындалды.

Мал ауруларына қатысты екеп де жүргізіліп жатыр. Республикалық бюджеттен эпидемиологияға қарсы шараларға 245,6 миллион теңге, ауру малдарды санитарлық союға 3,4 миллион теңге бөлініп, сібір жарасы, қарасан, туберкулезге аллергиялық тексеру, нодулярлы дерматит, аусыл, құтырық, құл ауруы, эхинококкоз сияқты аса қауіпті ауруларға қарсы екеп жасалып, ауылшаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына толықтай енгізілді. Ауру шыққан мал ветеринарлық заңдылыққа сай жойылу да. Сарып ауруы тіркелген мал тұрған қора-жайларға залалсыздандыру жұмысы жүргізілді.

— 2024 жыл Ойыл ауданы үшін ауыр болды. Ауылдарды су шайып, тұрғындар баспанасынан, малынын айырылды. Жолдарды су шайды. Тұрғындардың баспаналары қалпына келтіріліп, жаңа үйлер салынғанын білеміз. Жолдың бүгінгі жайы қалай? Бұл жұмыстың барлығы аяқталды ма?

— Ойыл ауылына кіреберіс аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы Ойыл өзені арқылы өтетін көпір қалпына келтіріліп жатыр. Мердігер компания — «Тенгизстройсервис Групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Жобаның сметалық құны — 2665,5 миллион теңге.

Жобалық-сметалық құжаттамаға сәйкес құрылыс 15 ай жүргізіледі делінген. Қазіргі таңда тіректер қою үшін жерасты бұрғылау жұмысы толығымен аяқталды, 8 тіректің алтауы тұрғызылды. Жалпы алғанда құрылыс жұмысының 65 пайызы жүргізілді. Көпірдің жүріс бөлігін келер жылдың қаңтар айының соңына дейін аяқтау жоспарланып отыр.

Сонымен бірге Ойыл өзенінің арнасын кеңейту, тереңдету, жағалауды бекіту жұмысы жүргізілді. Сондай-ақ қауіпті елді мекендер картасы жасарталып, Қаратал, Ақкемер, Қаракөл ауылдарында бөгеттер салынды. Қазіргі алдағы жылғы көктемгі су тасқынына дайындық жүргізіліп жатыр. Жалпы ауданда автокөлік жолын жақсарту жұмысы жүйелі жүргізіліп келеді.

Ойыл ауданы, Шұбарши ауылынан Атырау облысының шекарасына дейінгі автомобиль жолын мердігер мекеме «Қазақ жолы 2050» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі салып жатыр. Биыл аталған жолдың құрылысына облыстық бюджеттен 333,2 миллион теңге, ал республикалық бюджеттен 100,0 миллион теңге қаражат бөлініп, қазіргі таңда 17,5 шақырым жолдың негізін көтеру жұмысы жүргізілді.

Ал қалған жұмыстар 2026 жылы аяқталады деп жоспарланып отыр.

Сонымен қатар осы жол бойында «LiderInvestGroup» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі көпір құрылысын жүргізіп жатыр.

Биылға облыстық бюджеттен 16,8 миллион теңге, ал жергілікті бюджеттен 71,9 миллион теңге бөлініп, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Ойыл-Қараой аудандық маңызы бар автомобиль жолының 15-30 шақырымына қиыршықтас төселіп жатыр, ал 30-45 шақырымында асфальт төсеу толық аяқталды. Бұл жұмыстарды «Зап-КазПромСтрой» серіктестігі жүргізіп жатыр.

Жалпы құны 242,3 миллион

теңге болатын Ойыл ауылына кіреберіс автомобиль жолын орташа жөндеуді «Truck Logistics KZ» серіктестігі жүргізуде, бүгінде 2,8 км автомобиль жолын асфальттау жұмысы толық аяқталды.

Сонымен бірге Қаратал ауылына кіреберіс автомобиль жолына ағымдағы жөндеу, ауылышілік Берсиев, Сүлеймен-Әулие және Жүсібадиев көшелерін күрделі жөндеу жұмыстары да жүргізіліп, 2,3 шақырым асфальт жабындысы төселді.

— Елді мекендерді газдандыру, тұрғындарды таза ауызсумен қамтамасыз ету жұмысы қалай жүргізіліп жатыр?

— Аудандағы 21 елді мекеннің алтауы көгілдір отынмен қамтамасыз етілген. Газбен қамтылған халық үлесі — 62,3 пайыз. Аудан аумағында ұзындығы 104 шақырым болатын газ магистралінің құрылысы жүргізіліп, Қаракемер, Ақшатау, Шикұдық, Кемер және Ақкемер ауылдарына тартылған желі толық аяқталды. Биыл Көптоғай ауылына — 385,1 миллион теңге, Аманкелді ауылына — 946,9 миллион теңге, ал Шикұдық ауылына 35,4 миллион теңге көлемінде қаржы бөлініп, ауылышілік газ құбыры жүргізіліп, көгілдір отын берілді. Қаракемер, Ақшатау және Кемер ауылдарына ауылышілік газ желісін тарту үшін жобалық-сметалық құжаттама әзірленіп, сараптамадан өткізілді.

Тұрғындарды таза ауыз сумен қамту көрсеткіші 95,2 пайызға жетті. Аудандағы 20 елді мекен сапалы ауыз сумен қамтылды. Елді мекендер бойынша қамту үлесі — 95,2 пайызға, ал халық саны бойынша қамту 98,4 пайызға жетіп отыр. Сапалы ауыз сумен 100% қамту мақсатында биыл желтоқсан айында Көптоғай ауылдық округіне қарасты Қарасу ауылында орталықтандырылған ауызсу құбыры құрылысы аяқталып, пайдалануға беріледі.

— Ойыл ауданы аумағында мол газ қоры бары айтылып жатыр. Игеру жұмыстары қашан басталады?

— Соңғы 5 жылда Ойыл ауданына 38,608 миллион теңге көлемінде инвестиция тартылды. Нақтырақ айтсақ, Көптоғай ауылдық округінің Тамдықөл кен орнында (мұнай-газ) «Tabus Operating» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі пайдалы қазбаларды барлау жұмысын жүргізді, «Қобыланды» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қараой ауылдық округіндегі Құбасай кен орнында (газ қоры) барлау ұңғымасын бұрғылау «TUMAR i-Energy» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Ойыл ауылдық округінің «Егізқара» бағытынан барлау ұңғымасын бұрғылау (мұнай-газ қоры) жұмыстарын жүргізді.

Қазіргі уақытта «Шығыс Құбасай» кен орны бойынша мол газ қоры ресми түрде бекітілді. Алдағы жылдары игеру жұмыстары басталатын болады.

— Ойыл өзенінің тартылып, ортайып бара жатқаны да бірнеше жылдан бері айтылып келе жатыр. Жалпы, өзеннің бүгінгі экологиялық ахуалы қандай?

— Ойыл өзенінің экологиялық ахуалы тұрақты. Өзеннің суы таза, су деңгейі бірқалыпты. Ауданда экологиялық жағдайды жақсарту мақсатында көгалдандыру жұмыстары жүргізіліп келеді. Дендропланға сәйкес 4040 түп тал егілді.

Сонымен қатар «Жасыл аймақ» жобасы аясында Ойыл ауылының кіреберісіндегі 60 гектар аумаққа тал көшеттері егілді.

Ойыл өзені суын шаруашылыққа және мал азығын дайындау үшін пайдалану

мақсатында «ҚазСуШар» республикалық мемлекеттік кәсіпорны арқылы «Қиыл-Тас-сай» және «Тамдықөл» лиманды алқабындағы бөгеттерге жөндеу жүргізілді.

Аудан аумағындағы соңғы төрт жылда мақсаты бойынша пайдаланылмаған және игерілмеген 57 ауылшаруашылығы субъектісінің 66000,0 гектар жер учаскесі толықтай және ішінара ауданның босалқы жер қорына қайтарылды. Биыл 6989,0 гектар жер учаскесі конкурсқа шығарылып, сегіз ауыл шаруашылығы субъектісіне табысталды.

— Әлеуметтік салада атқарылып жатқан жұмыстар туралы айтсаңыз...

— Ауданда тұрғындардың әлеуметтік жағдайын жақсарту мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Жеті ауылдық округтің өзінің жеке даму жоспары бар.

Ауданда тұрғын үй құрылысы бағытында бірқатар жоба жүзеге асуда. Қазіргі уақытта екі сегіз пәтерлі жалға берілетін-коммуналдық тұрғын үйдің құрылысы басталды. Жобаның мердігері —«Рус Тал» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Бүгінде қажетті құрылыс материалдары жеткізіліп, іргетас монтаждару жұмысы жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар «САҚ групп» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі«Ойыл ауылында 6 бір пәтерлі (жалға берілетін-коммуналдық) тұрғын үй құрылысы» жобасын іске асыруға кірісті.

Биылға аудандық бюджеттен 3 тұрғын үйдің құрылысына 107,8 млн. теңге бөлінген-ді, бұл нысандарда құрылыс-монтаж жұмысы толық аяқталып, үйлер пайдалануға берілді.

Қалған 3 тұрғын үйдің құрылысына қажетті қаржы 2026 жылға жоспарланған. Тұрғын үйге мұқтаж әлеуметтік осал санаттағы азаматтарға 28 баспана сатып алу мақсатында облыстық бюджеттен 106 148 миллион теңге, сондай-ақ кредиттік қаржы ретінде 427 258 миллион теңге қарастырылды.Бұл қаражат есебінен қажетті үйлерді сатып алу және құрылыс жұмысын жүргізу жоспарға сәйкес атқарылып жатыр. Салынған және сатып алынатын тұрғын үйлер кезекте тұрған азаматтарға «Отбасы Банк» акционерлік қоғамы арқылы беріледі.

Ойыл ауданының білім бөліміне қарасты 23 мектеп, 7 балабақша, 2 қосымша білім беру ұйымы жұмыс істейді. Шығанақ Берсиев атындағы ауылдық округінің Қаратал ауылында 60 орындық балабақша пайдалануға беріліп, Ойыл ауылындағы «Асанәлі», Ойыл ауылындағы «Асанәлі» балабақшасы ғимаратына күрделі жөндеу жүргізілді. Сонымен бірге Ойыл ауылында 150 орындық балабақша және 320 орындық жаңа мектеп құрылысы аяқталып, қажетті жиназдармен жабдықталуда. Білім беру ұйымдарына 12800,0 миллион теңгеге ағымдағы жөндеу жұмысы жүргізілді. Биыл білім беру ұйымдарының материалдық әлеуетін көтеру мақсатында 5 мектеп пәндік кабинеттермен жабдықталды.

Халыққа бір орталық аудандақ аурухана, алты дәрігерлік амбулатория, бір фельдшерлік-акушерлік пункт және 14 медициналық пункт, 33 дәрігер медициналық қызмет көрсетеді. Қазіргі уақытта онколог, анестезиолог-реаниматолог және Қайыңды мен Көптоғай ауылдары үшін 2 жалпы тәжірибе дәрігері қажет. Биыл ауданға келген 5 дәрігер тұрғын үймен қамтамасыз етілді.

Сұхбаттасқан Мейрамгүл РАХАТҚЫЗЫ.

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ОЙЫЛ АУДАНЫДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ТӨРАҒАСЫНЫҢ ШЕШІМІ

17 желтоқсан 2025 жыл

№ 28

Ойыл сәлосы

Аудандық мәслихаттың кезекті жиырма сегізінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10 бабының 2 тармағына сәйкес **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

Сегізінші шақырылған аудандық мәслихаттың кезекті жиырма сегізінші сессиясы 2025 жылдың 19 желтоқсан күні сағат 15.00 - ге аудан әкімдігінің мәжіліс залында шақырылсын.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер енгізілсін:

1. «2026-2028 жылдарға арналған Ойыл аудандық бюджетін бекіту туралы»

2. «2026-2028 жылдарға арналған Ойыл ауданының ауылдық округтерінің бюджеттерін бекіту туралы»

Баяндамашы: Б.Әділханов - аудандық экономика және қаржы бөлімінің басшысы

3. Аудандық мәслихаттың әлеуметтік-экономикалық даму, бюджет, халықты әлеуметтік қорғау және аграрлық сала мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі

Хабарламашы: Е.Ж.Жиеналин - комиссия төрағасы

4. Аудандық мәслихаттың білім, мәдениет, денсаулық сақтау, құқық тәртібі және жастар саясаты мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының есебі

Хабарламашы: С.М.Нұрбаев - комиссия төрағасы


5. Басқа да мәселелер

Аудандық мәслихаттың төрағасы:

С.Ф.Займолдин

ЖАС САЙЛАУШЫЛАР КЛУБЫ — САЙЛАУ ПРОЦЕСІНІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

ЖАСТАР ҚАЙ УАҚЫТТА ДА ҚОҒАМ ӨМІРІНІҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ ЕКЕНІ БАРШАМЫЗҒА МӨЛІМ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ НҰРЛАН ӨБДІРОВТІҢ БАСТАМАСЫМЕН ОСК ЖАНЫНАН ЖАС САЙЛАУШЫЛАР КЛУБЫ ҚҰРЫЛДЫ.



Осыған байланысты барлық облыстық және аудандық аумақтық сайлау комиссияларының жанынан да осындай клубтар жұмыстарын бастады. Клубты құрудың басты мақсаты - жастардың назарын сайлау процесінің өзекті мәселелеріне аудару, олардың сайлау белсенділігі мен құқықтық мәдениетін арттыру.

Клубтың негізгі міндеттері - жас сайлаушылардың сайлау мәдениетін арттырудың тиімді жолдарын айқындау, жастар арасында сайлау құқықтарын түсіндіру бойынша қазіргі заманғы тәсілдерді әзірлеу, жастардың сайлау процесіне қатысуының өзекті мәселелерін қарау, жас сайлаушылардың сайлау процесіне қызуғышылығын арттыру.

Ойыл аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2025 жылғы 3 қыркүйектегі №21 қаулысымен ауданда жас сайлаушылар клубы құрылып, оның құрамына жастар ресурстық орталығының мамандарынан белсенді, колледж студенттері мен мектептердің жоғары сынып оқушыларынан, ауданның қоғамдық-саяси өміріне етене араласып жүрген жастар сайланды.

Негізгі белсенді жастардан құрылған бұл клуб аумақтық сайлау комиссиясы жанындағы диалог алаңы. Клубтың алғашқы отырысы 2025 жылдың қыркүйек айында өткізіліп, онда жұмыс жоспары бекітілді. Клуб мүшелері

аудандық іс-шараларға, түсіндіру жұмыстарын жүргізуге және волонтерлік акцияларға белсене қатысып келеді.

Клубтың жоспарына сәйкес, 9 қыркүйекте жастар ресурстық орталығының басшысы, клуб мүшесі Жангүл Ізгарина Қазақстан Республикасы Конституциясының 30-жылдығына орай Ойыл қазақ орта мектебінің жоғары сынып қыз балаларына «Сен өз құқығыңды білесің бе?» тақырыбында дәріс оқыса, 10 қыркүйекте клуб мүшесі Нұрлан Ешімов Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің жоғары сынып оқушыларына «Заңды білу – заман тадабы» тақырыбында дәріс өткізді.

11 қыркүйекте аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, жас сайлаушылар клубының төрағасы ретінде өзін Ойыл аграрлық колледжі студенттеріне Қазақстан Республикасы Конституциясының тарихы туралы «Қонақ дәрісін» оқып, студенттер арасында тәсілеу өткіздім. Аудандық аумақтық сайлау комиссиясы жас сайлаушылар клубы мүшелерімен бірге мұндай шараларды бекітілген жоспарға сәйкес алдағы уақытта да тұрақты жүргізетін болады.

Б. БИСКЕНОВ,
аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, жас сайлаушылар клубының төрағасы.

КОНКУРС

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫ» ММ ШЖҚ «ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ АУРУХАНАСЫ» МКК БАС ДӘРІГЕРДІҢ БОС ЛАУАЗЫМЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК Байқау кеңесінің 2025 жылғы 15 желтоқсанындағы хаттамалық шешімінің негізінде «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК бас дәрігердің бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды (1 бірлік).

Кәсіпорынның атауы: «Ақтөбе облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ ШЖҚ «Ойыл аудандық ауруханасы» МКК

Орналасқан жері: 030900, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Желтоқсан көшесі, 19.

Электрондық поштаның мекенжайы: uil_crb@mail.ru

Кәсіпорын қызметінің негізгі бағыты:

Медициналық қызмет

Кәсіпорын басшысының лауазымдық міндеттері:

Денсаулық сақтау ұйымының өндірістік, қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасайды, қабылданатын басқарушылық шешімдерге, ұйым мүлкінің сақталуы мен тиімді пайдаланылуына, сондай-ақ қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелеріне жауапты болады.

Ұйым қызметінің саясатын, стратегиясын және оны іске асыру тетігін айқындайды.

Көрсетілетін диагностикалық, емдеу және профилактикалық көмектің тиімділігі мен сапасын одан әрі арттыруға, көрсетілетін қызметтердің сапасы мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған персонал жұмысының жаңа ұйымдастырушылық нысандары мен әдістерін енгізуді және қолданыстағыларын жетілдіруді қамтамасыз етеді.

Ұйымның құрылымдық бөлімшелерінің тиімді өзара іс-қимылын қамтамасыз етеді, олардың өзара іс-қимылдарын көрсетілетін медициналық қызметтерді дамытуға және жетілдіруге бағыттайды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына және өз тарапынан және оның қарамағындағы тұлғалардан сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу бойынша шаралар қабылдауға дербес жауапты болады.

Ұйымды білікті кадрлармен қамтамасыз ету, олардың кәсіби білімі мен тәжірибесін ұтымды пайдалану, өмір мен денсаулық үшін қауіпсіз еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуал қалыптастыру жөнінде шаралар қабылдайды. Ұйым қызметін талдау және оның жұмысының көрсеткіштерін бағалау негізінде ұйым жұмысының нысандары мен әдістерін жақсарту бойынша қажетті шараларды қабылдайды. Әлеуметтік әріптестік қағидаттары негізінде ұжымдық шартты әзірлеуді, жасасу-

ды және орындауды, еңбек тәртібін сақтауды қамтамасыз етеді, қызметкерлердің еңбек уәждемесін, бастамасы мен белсенділігін дамытуға ықпал етеді.

Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайларды зерделеу және бағалау жөніндегі жұмысты үйлестіреді, адам денсаулығына қолайсыз әсер етудің басым факторларын айқындайды.

Санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту бойынша пәрменді шаралар қабылдайды.

Гигиеналық және эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізуді, санитариялық ережелер мен нормалар мен гигиеналық нормативтердің сақталуын жедел және зертханалық-аспаптық бақылауды және қадағалауды ұйымдастырады.

Ұйым қызметінде, оның ішінде қаржы-шаруашылық басқару, шарттық және қаржылық тәртіпті нығайту, әлеуметтік-еңбек қатынастарын реттеу мәселелерінде медициналық этика, заңдылық талаптарының сақталуын қамтамасыз етеді.

Қызметкерлерді жұмысқа қабылдауды және жұмыстан босатуды жүзеге асырады. Жеке және заңды тұлғалармен келісімшарттар, мәмілелер жасайды. Өз құзыретіндегі мәселелер бойынша барлық қызметкерлер үшін міндетті өкімдер мен бұйрықтар шығарады.

Ұйымды мемлекеттік органдарда, ұйымдарда және сотта білдіреді. Медициналық этиканың, ішкі еңбек тәртібі талаптарының, аспаптарды, жабдықтар мен механизмдерді техникалық пайдаланудың орындалуын, өртке қарсы қауіпсіздік пен қауіпсіздік техникасының, санитариялық-эпидемиологиялық режимнің сақталуын қамтамасыз етеді. Ұйымның уақтылы есептілігін қамтамасыз етеді.

Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:

- "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша жоғары білім, "Денсаулық сақтау менеджменті" ("Қоғамдық денсаулық сақтау") мамандығы бойынша біліктілікті арттырудан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілік беру туралы куәлік (немесе сертификат);
- немесе "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша жоғары білім, "Денсаулық сақтау" немесе "Бизнес, басқару және құқық" даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе EMBA (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі;
- немесе "Бизнес, басқару және құқық" даярлау бағыты бойынша жоғары білім және "Денсаулық сақтау" даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе EMBA (ЭмБиЭй) немесе full-time (Фултайм) дәрежесі;
- денсаулық сақтау саласындағы менеджер сертификаты;

- басшылық лауазымдағы жұмыс өтілі кемінде 3 жыл.

Білуі тиіс:

- Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі, "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексі, "Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Қазақстан Республикасындағы тіл туралы" Қазақстан Республикасының Заңы, "Өрт қауіпсіздігі қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрінің 2022 жылғы 21 ақпандағы № 55 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 26867 болып тіркелген);
- қазіргі заманғы басқару қызметінің стратегиялық және ұйымдастырушылық аспектілері;
- денсаулық сақтау ұйымдарының жоспарлы-экономикалық және қаржылық қызметінің негіздері;
- басқарудың экономикалық әдістері және ұйым қызметін талдау;
- медициналық қызметтер нарығының конъюктурасы;
- денсаулық сақтаудағы адам ресурстарды басқарудағы үздік тәжірибелер; халық денсаулығының жай-күйін сипаттайтын статистиканы, өлшемшарттар мен көрсеткіштері;
- отандық медицинаның қазіргі заманғы ғылыми жетістіктері;
- денсаулық сақтауды басқарудағы үздік халықаралық тәжірибе;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өндірістік санитариялық және өртке қарсы қауіпсіздік қағидалары мен нормалары;
- төтенше жағдайлар кезінде қызметті ұйымдастыру.

Конкурс Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органы немесе алқалы атқарушы органы басшысының функциясын жеке дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес өткізіледі.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 030900, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Желтоқсан көшесі, 19.

тел.+7 (71332) 2-10-80

электрондық поштаның мекенжайы: uil_crb@mail.ru

кенжайы: uil_crb@mail.ru

Үміткерлер конкурсқа қатысу үшін мынадай құжаттарды ұсынуы қажет:

1. Конкурсқа қатысу туралы өтініш.
2. Еркін нысанда жазылған өмірбаяны.
3. Білім туралы құжаттардың көшірмелері.
4. Еңбек кітапшасының (ол болған кезде) немесе еңбек шартының көшірмесі, еңбек шартын қабылдау және тоқтату туралы бұйрықтардан үзінді не жұмыс өтілін растайтын басқа құжат;
5. «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № 175 бұйрығымен бекітілген 075/е нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы анықтама (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 4 қарашада № 21579 болып тіркелген);
6. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің соттылығының жоқтығы туралы анықтамасы.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлғалар құжаттарды қабылдау аяқталатын күнге дейін хабарландыруда көрсетілген электрондық пошта мекенжайына электрондық түрде конкурс жариялаған Кәсіпорынға ұсынады.

Құжаттардың түпнұсқалары әңгімелесу басталғанға дейін бір сағаттан кешіктірілмей ұсынылады.

Олар ұсынылмаған жағдайда адам әңгімелесуден өтуге жіберілмейді.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс өтіліне, кәсіби даярлық деңгейіне қатысты қосымша ақпарат (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, сондай-ақ алдыңғы жұмыс орнынан ұсынымдар) ұсына алады

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 27 мамырдағы № ДСМ-58/2020 «Денсаулық сақтау саласындағы байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органы немесе алқалы атқарушы органы басшысының функциясын жеке дара жүзеге асыратын басшысының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына сәйкес.

Конкурсты өткізу күні: конкурс қатысатын үміткерлер үшін құжаттарды қабылдау, конкурсты өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап, күнтізбелік он бес күн өткен соң аяқталады.

Конкурсты өткізу орны: 030900, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы, Ойыл ауылы, Желтоқсан көшесі, 19.

тел.+7 (71332) 2-10-80

электрондық поштаның мекенжайы: uil_crb@mail.ru

МЕКТЕП ЖИҢАЗДАРЫ - БАЛАНЫҢ ДАМУЫНА КӨП ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

МЕКТЕП ЖИҢАЗЫ ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗГІ ЭЛЕМЕНТІ. САНИТАРЛЫҚ-ГИГЕНАЛЫҚ ТАЛАПТАРҒА САЙ КЕЛЕТІН МЕКТЕП ЖИҢАЗЫН ПАЙДАЛАНУ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ӨНІМДІЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ, ДҰРЫС ФИЗИКАЛЫҚ ДАМУ, ОҚУШЫЛАРДЫҢ ДЕНЕ БІТІМІ МЕН КӨРУ ҚАБІЛЕТІНІҢ БҰЗЫЛУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ ҮШІН ҮЛКЕН МАҢЫЗҒА ИЕ.

Оқу процесінің тиімділігі үшін ол ыңғайлы, қауіпсіз көп функционалды (мобильді) болуы керек. Шынында да баланың денсаулығы, оның дене мүсінінің дұрыстығы және жалпы омыртқаның жағдайы осыған байланысты. Ыңғайсыз қалыптан және шамадан тыс жүктемелерден омыртқа зардап шегеді. Балалардың ыңғайлы оқушы орындықтарында, барлық оқулықтар мен дәптерлерді орналастыруға болатын кең, ыңғайлы оқушы үстелдерін де отыруы өте маңызды. Дұрыс таңдалған оқу орны сколиоздың дамуына жол бермейді. Сонымен қатар көру қабілетін, физикалық денсаулығын сақтауға мүмкіндік береді және оның эмоционалы жағдайын жақсартуға ықпал етеді.

Жиһаздың қауіпсіздігіне де көп көңіл бөлу қажет. Ол

үстелдің үстінде қолдың дұрыс орналасуына ықпал етуі, аяқ еденде нық тұруы, оқушының тізесі мен үстелдің арасында жеткілікті орын болуы керек. Орындықтың арқасы мен отырғышының арасында бос орын болуы тиіс. Орындықта отырған баланың тізесі қысылмауы керек. Яғни, жиһаз балалардың анатомиялық және физиологиялық жас ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс.

Білім беру объектілерін мектеп жиһазымен жарақтандыру және оқушыларды дұрыс отырғызу балалардың тірек-қимыл аппаратында патологиялардың пайда болуын болуына дол бермеуге көмектеседі.

Ғ. ҚҰБАЕВ,
Ойыл аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

ПСИХОЛОГ КЕҢЕСІ

БАЛА ДАМУЫНЫҢ ҮШ КЕЗЕҢІ: АТА-АНА БІЛУІ ТИІС МАҢЫЗДЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Бала тәрбиесі – ата-ана үшін де, мектеп ұжымы үшін де жауапкершілігі мол, үздіксіз үдеріс. Әр баланың мінез-құлқы мен психологиялық дамуы белгілі бір кезеңдерден тұрады. Осы кезеңдердің ерекшеліктерін дұрыс түсіну – баланың толыққанды дамуына қолайлы жағдай жасаудың негізі.

Педагог-психолог мамандар жас ерекшелігіне қарай баланың даму барысын үш негізгі кезеңге бөліп қарастырады: мектепке дейінгі шақ, бастауыш мектеп жасы және жасөспірімдік кезең. Әр кезеңнің өзіне тән мінез-құлық көріністері, қажеттіліктері және ата-аналық қолдау түрлері бар.

Мектепке дейінгі кезең (3–6 жас): қиял мен ойынның әлемі

Бұл жастағы балалардың ең басты ерекшелігі – қиялының өте белсенді болуы. Олар айналадағы құбылыстарды ойын арқылы танып, эмоциясын ашық білдіреді. Мақтау мен ерекестердің қолдауы олар үшін үлкен мотивация.

Осы кезеңде ата-ана баланың «мен өзім!» деген талпынысын қолдап, өз бетімен әрекет етуге мүмкіндік бергені жөн.

ерекше мән бере бастайды. Ата-ана баланың сабаққа деген ынтасын ойын элементтері арқылы арттыра алады. Үй тапсырмасын бірге орындап, бірақ баланың орнына шешім қабылдап қоймауы керек. Жетістікке қуанып, қиындықтарда моральдық қолдау көрсету – баланың өз күшіне деген сенімін нығайтады. Уақытты дұрыс жоспарлауға үйрету де осы кезеңге тән маңызды дағдылардың бірі.

Жасөспірім кезеңі (11–16 жас): өзін-өзі іздеу мен жеке тұлғалық қалыптасу

Жасөспірім шақ – ең күрделі әрі ерекше кезең. Бұл уақытта бала өзін жеке тұлға ретінде танып, «Мен кімін?» деген сұраққа жауап іздей бастайды.

Эмоцияның тұрақсыздығы, кейде қарсы шығу немесе тұйықталу – осы кезеңнің табиғи бөлігі. Құрдастармен қарым-қатынас және қоғамдағы орнын табу олар үшін аса маңызды.

Жасөспіріммен дұрыс қарым-қатынас орнату үшін ата-ана сенімді атмосфера қалыптастыруы тиіс. Қатаң бақылаудан гөрі бірлесіп шешім қабылдау, жеке кеңістікке құрметпен қарау баламен байланысты нығайтады. Сынды оның тұлғасына емес, нақты әрекетіне бағыттау — ата-ананың басты ережелерінің бірі.

Эмоцияны дұрыс жеткізуге үйрету, қиялды дамытатын ойындар мен ертегілер оқу – мектепке дейінгі баланың дамуына зор ықпал етеді. Сонымен қатар гаджет қолдану уақытын шектеу де маңызды.

Бастауыш мектеп жасы (7–10 жас): білімге құштарлық кезеңі

Бұл кезеңде баланың өмірінде оқу негізгі орынға шығады. Зейіні, есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы жылдам дамиды. Мұғалімнің және ата-ананың айтқан пікірі оның өзін-өзі бағалауына тікелей әсер етеді. Сондай-ақ, осы уақытта құрдастарымен қарым-қатынас орнатуға

Қорытынды

Бала дамуының әр кезеңі өзіндік ерекшеліктерге толы. Сол себепті ата-ананың міндеті — баланың жасына сай қажеттілігін түсініп, дер кезінде психологиялық қолдау көрсету. Қарапайым жылы сөз, түсіністік, сенім және уақытында берілген бағыт — баланың болашағына салынған ең маңызды ИНВЕСТИЦИЯ.

Ә. АБЫЛАЕВА,
Тайсойған негізгі мектебінің педагог-психологы.

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және Даму министрлігі Байланыс, Ақпараттандыру және Ақпарат комитетінде 2016 жылдың 21 қаңтарында тіркеліп, №15790-Г куәлігі берілген.

Меншік иесі: «Ойыл газеті» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
Директоры-Редактор Серікбай Қойбағаров
Мекен-жайы: 030900, Ойыл селосы, Көжар көшесі, №69, 3 қабат
Байланыс телефоны: 8 (71332) 2-11-07.

Газетте жарияланған мақала авторының пікірімен редакцияның көзқарасы қабыспайды. Суреттің сапасына редакция жауапты.

«Хабар-Сервис» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Ақтөбе қаласы, Ә. Смағұлов көшесі 9/2.
Басылу сапасы жөнінде 400-400 телефонына хабарласуға болады.

ҰСТАМЕН КЕЗДЕСУ: ҰСТАНЫМ МЕН ҰЛАФАТ

КӨСІПКЕРЛІК ҚЫЗМЕТПЕН АЙНАЛЫСУДЫҢ ҚЫР-СЫРЫН СОЛ ЖОЛМЕН ЖҮРІП ӨТКЕН ТӘЖІРИБЕЛІ КӨСІПКЕРДІҢ ӨЗ АУЗЫНАН ЕСТҮ КІМГЕ БОЛСА ДА ҚЫЗЫҚ. ӨСІРЕСЕ, МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫ ҮШІН БҰЛ ТАҚЫРЫП ТІПТІ ЕРЕКШЕ.



Осы ретте, «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалының ұйымдастыруымен Ойылдағы Шәрбану Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназияда Ойылдағы белгілі ағаш шебері Қуаныш Мергенбаевпен кездесу өтті. Алдымен мектеп-гимназия директоры Шынарғүл Бисенова жас ұрпаққа жұмысшы мамандықтарды, олардың еңбегін насихаттай отырып, ұлттық құндылығымызды дәріптеу мақсатындағы кездесудің маңызына тоқталды.

Ақтөбе облысының көлемінде өткізіліп жатқан «Сыбаға» фестивалінің аясында «Ұлттық мұра – ұрпаққа аманат» тақырыбындағы кездесу барысында «Атамекен» кәсіпкерлік палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры Жасұлан Ержанов пен аудандық кәсіпкерлер кеңесінің

төрағасы Серікбай Қойбағаровтар алдымен оқушыларға шағын кәсіпкерлікті ұйымдастыру мәселелеріне қатысты маңызды кеңестер берсе, Қуаныш Майлыбайұлы өзінің тәжірибесімен бөлісті, сондай-ақ оқушылардың сауалдарына жауап берді. Өсіресе, оқушыларға алдымен ағаштың қасиетін біліп, жасалатын дүниенің салмағы, тұратын орны ескерілуі керектігін түсіндірген кәсіпкер бастаған істе табандылық таныту және нәтижесі үшін жауапкершілікті ала білу сынды қасиеттердің де маңызды екенін жеткізді. Сондай-ақ, осы мектеп-гимназияның кәсіби бағдар беруші мұғалімі Серік Ахметов кездесу соңында ұлдардың шеберлігі мен бейімдігін байқау үшін арнайы сайыс ұйымдастырылды. Кәсіби бағдар беруге үлес қосу және кәсіпкерлікке баулуды көздеген кездесуде атадан мирас кәсіпті серік өткен Қуаныштың бір күндік еңбек күні бейнебаян арқылы көрсетілді.

2026 ЖЫЛДАН БАСТАП ТЕГІН ДӘРІ-ДӘРМЕК ТЕК САҚТАНДЫРЫЛҒАН АЗАМАТТАРҒА БЕРІЛЕДІ

Қазақстанда медициналық қызметтерді қаржыландыру жүйесіне біртіндеп реформа жүргізілуде. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап елімізде амбулаториялық деңгейде тегін немесе жеңілдікпен берілетін дәрі-дәрмектерді тек Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру (МӨМС) жүйесіне қатысушы азаматтар ғана ала алады. Бұл Денсаулық сақтау министрлігінің жаңа талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Мақсат – әділетті, қолжетімді және тиімді медициналық көмек. МӨМС жүйесінің басты мақсаты – халықтың денсаулығын қорғауды жақсартып, азаматтардың сапалы және уақтылы медициналық көмек алуын қамтамасыз ету. Бұған дейін кейбір азаматтар жарна төлемесе де, тегін дәрі-дәрмек алып келген болса, енді бұл тәжірибе тоқтайды. Себебі бұл жүйенің қаржылық тұрақтылығына және әділеттілігіне кері әсер етіп келді.

2026 жылдан бастап көлесідей тәртіп орнайды:

- Сақтандырылған азаматтар – тегін дәрі-дәрмекпен қамтылады (амбулаториялық деңгейде);
- Сақтандырылмаған азаматтар – дәрілерді өз қаражатына сатып алады, тек шұғыл жағдайлар ғана тегін көрсетіледі (мысалы, жедел жәрдем).

Сақтандырылған мәртебеге қалай қол жеткізуге болады?

1. Жұмыс істейтін азаматтар — жұмыс беруші ай сайынғы табыстан 3% жарна аударуға міндетті;
2. Өзіні-өзі жұмыспен қамтығандар/жеке кәсіпкерлер — ай сайын өз бетінше жарна төлейді (2025 жылы — 4 250 теңге, 2026 жылы өсімі мүмкін);
3. Мемлекет сақтандыратын жеңілдік санаттарына кімдер кіреді?
- 4.- Балалар: 18 жасқа дейінгі барлық балалар.
- 5.- жүкті әйелдер мен аналар: жұмыссыз жүкті әйелдер, бала үш жасқа толғанға дейін декреттік демалыста жүрген жұмыссыз әйелдер және мүгедек бала тәрбиелеп отырған әйелдер.
- 6.- көп балалы аналар: «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын немесе 1 және 2-дережелі «Ана даңқы» ордендерін алған әйелдер.
- 7.- Қарт адамдар: зейнеткерлер, оның ішінде Ұлы Отан соғысының ардагерлері.
- 8.- мүгедектер: мүгедектер,



сондай-ақ бала кезінен мүгедектерді немесе мүгедек баланы күтетін адамдар.
9.- студенттер: орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі оқу орындарында күндізгі бөлімде оқитын студенттер.
10.- жұмыссыздар және аз қамтылғандар: жұмыссыз және жұмыс істемейтін мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы ретінде есепте тұрған адамдар.
11.- Тергеу изоляторындағы және жазасын өтеп жатқан адамдар: қауіпсіздігі ең аз мекемелерде жазасын өтеп жатқандарды қоспағанда, сотталғандар.

Сақтандырылғаныңызға және медициналық көмек алуға құқығыңыз бар екеніне қалай сенімді бола аласыз?

1. Сақтандыру күйіңізді тексеріңіз
Міндетті медициналық сақтандырудың/мемлекеттік медициналық сақтандырудың күйін тексерудің ең жылдам және дәл жолы:

Тексерудің 4 жолы бар:

1. Медициналық сақтандыру қорының Telegram боты арқылы
Ботты табыңыз: @SaqtanduryBot (FSMS боты), «Сақтандыру мәртебесін анықтау» бөлімін таңдаңыз, ЖСН енгізіңіз және күйді қараңыз: сақтандырылған/сақтандырылған емес.
2. eGov.kz/eGov mobile сайты арқылы
Жүйеге кіріп, «Денсаулық сақтау» бөліміне өтіңіз, содан кейін «Сақтандыру күйін тексеріңіз».
3. Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының веб-сайты арқылы
«Күйді тексеру» бөлімін ашыңыз, содан кейін ЖСН енгізіңіз.
4. Байланыс орталығының 1414 телефоны арқылы
ЖСН-ді көрсетіңіз, оператор сіздің жағдайыңыз бен сақтандырудың жоқтығының себебін хабарлайды.

Қандай дәрілер тегін беріледі? МӨМС аясында берілетін дәрі-дәрмектер амбулаториялық дәрілік қамтамасыз ету (АДҚ) тізбесіне енгізілген. Бұл тізімге келесі жағдайлардағы дәрілер кіреді:

- Қант диабеті (инсулиндер, қандағы қантты төмендететін препараттар);
- Жоғары қан қысымы (гипертонияға қарсы дәрілер);
- ЖРВИ, астма, бронхит, пневмония;
- Туберкулез, ВИЧ, онкологиялық және психикалық аурулар;
- Балалар мен жүкті әйелдерге арналған витаминдер мен арнайы препараттар.

Дәрі алу тәртібі:
1. Емханаға тіркеліп, учаскелік дәрігерге қаралу қажет;
2. Дәрігер диагноз қойғаннан кейін қажетті дәрі-дәрмекті электронды рецептпен тағайындайды;
3. Науқас дәрісін арнайы мемлекеттік немесе келісімшарттағы дәріханалардан тегін / жеңілдікпен ала алады.
Бұл тізімді жыл сайын ҚР Денсаулық сақтау министрлігі бекітеді және жаңартып отырады.

Мысалы:

Церебральды сал ауруына шалдыққан балаңыз 18 жасқа толған соң мүгедек ретінде сақтандырылуы үшін көлесі құжаттарды алдын ала дайындау қажет:
- Паспорт немесе жеке куәлік.
- медициналық ұйым берген Медициналық-әлеуметтік сараптамаға (МӨС) жолдама.
- церебральды сал ауруы және оның ағаға әсерін растайтын медициналық құжаттар (дәрігер мамандардың қорытындысы негізінде).

Көлесі кезекте МӨС ету:

— аумақтық медициналық-әлеуметтік сараптама бөлімшесіне құжаттарды тапсыру.
— Медициналық-консультациялық комиссия сіздің медициналық құжаттарыңызды қарап, қажет болған жағдайда қосымша тексерулер тағайындайды.
— Сараптама деректері не-

ВЕЙП ӨНІМДЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ЗИЯНЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН—АЛУ ШАРАЛАРЫ

Соңғы жылдары жастар арасында вейп (электронды темекі) қолдану белең алууда. Бұл құрылғылар қолы жеңіл, түрлі дәмді және «қауіпсіз балама» ретінде ұсынылады, бірақ шын мәнінде денсаулыққа айтарлықтай зиян келтіреді. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының (ДДСҰ) мәліметінше, әлем бойынша 100 миллионнан астам адам вейп пайдаланады, соның ішінде кем дегенде 15 миллион—дай жасөспірім (13–15 жас) бар. Қазақстанда да бұл мәселе өзекті: 2019 жылдан бері мектеп оқушылары арасындағы құрылғыларды қолдану саны 7 еседен астам өскен, ал 2025 жылы жасөспірімдер арасында вейп қолдану көрсеткіші шамамен 12,5%-ды құраған.

Бұл — мыңдаған жас ұрпақтың никотин мен химиялық бұға тәуелді болу қаупін көрсетеді. Бұл үрдістің зияны өте айқын: вейп буының құрамында никотиннен бөлек пропиленгликоль, өсімдік глицерині, ароматизаторлар және ауыр металдар бар, әрі олар қыздырылғанда өкпе тіндерін зақымдайды. Никотин тәуелділікті күшейтіп, жасөспірімдер мен жастардың жүйке жүйесіне, есте сақтау, көңіл-күй және импульсті бақылау сияқты ми функцияларына



жағымсыз әсер етеді. Сонымен қатар, вейп қолданатын жасөспірімдер көдімгі темекі шегуге көшуге көп жағдайда 3 есе жоғары ықтималдықпен бейім болады, әрі оларда астма, тыныс алу проблемалары, көңіл-күй нашарлауы сияқты денсаулыққа зиянды салдарлар жиі байқалады.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ТЕНДЕНЦИЯЛАР

Қазақстанда вейпке қатысты ресми статистика әр түрлі көрсеткіштерді ұсынады, бірақ барлығы да жастар арасында бұл құбылыстың өсуін растайды. Мысалы: 15-17 жас аралығындағы жастар арасында никотин өнімдерін тұтынатындардың үлесі шамамен 3,6%-ға дейін өскен. Жасөспірімдер арасында электронды темекіні қолдану жыл өткен сайын кеңеюде, республикада бұл бағытта түсіндіру және

шектеу шаралары күшейтілуде. Қорытындылай келе 2023—2025 жылдар аралығындағы ресми және ғылыми деректер вейп өнімдерінің денсаулыққа өте зиян екенін, олардың қауіпсіз балама емес екенін толық дәлелдейді. Әлемде және Қазақстанда электронды темекі қолдану өзекті және күрделі мәселеге айналды. Бұл бағыттағы жұмыстарды тұрақты түрде күшейту, жастарды қорғау және салауатты өмір салтын дамыту - қоғамның басты міндеттерінің бірі болып отыр. Сондықтан вейп құралдарын қолданудың алдын алу, жастар ортасында түсіндіру жұмыстарын жүргізу және заңдық реттеуді жетілдіру қазіргі таңда аса маңызды. Бұл шаралар денсаулық сақтау саласындағы болашақ ұрпақтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған.

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНДА ӨРТТЕН САҚТНАУЫҚ!

ЖЫЛУ БЕРУ МАУСЫМЫНДА ДА ӨРТ ОҚИҒАСЫМЕН ӨРТТЕН ТАРАҒАН КӨМІР ҚЫШҚЫЛ ГАЗЫНЫҢ УЛЫ ЕКЕНДІГІ АЙТЫЛЫП, ЖАЗЫЛҒАНЫМЕН ӨЛІ ДЕ БОЛСА НЕМҚҰРАЙЛЫҚПЕН ҚАРАУДАМЫЗ. СОНДЫҚТАН, ҚАЗІРГІ КЕЗДЕН ӨРТ ҚАҰПІНЕ ҚАРСЫ КҮРЕС ЖҮРГІЗІП ОНЫ БОЛДЫРМАУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІН ЖАСАП ОТЫРУЫҢЫЗДЫ СҰРАЙ-МЫЗ.



Жоғарыда айтылғанның негізінде, аудан тұрғындары өрт қауіпсіздігі ережелерін сақтау басты назарда болуы керек.

Жылу беру маусымында орындалуы тиіс талаптар:

1. Жылу беру маусымында пештер мен түтіндіктерді күйден тазарту керек, жылу пештері үш айда бір рет, үздіксіз қозғалыстағы ошақ пен пештер екі айда бір рет, үздіксіз жағылатын ас үй плиталары мен басқа пештер айына бір рет тазартылуы тиіс;
2. Қатты отынмен жұмыс істейтін пештерінде алдына 0,5 х 0,7 м кем болмайтын өлшемдегі металл табақпен қорғалған болуы тиіс;
3. Жылыту пештері ақаусыз есіктермен және жанғыш конструкциялардан нормаларда белгіленген өртке қарсы белгіштермен (жылжытқыштармен) қамтамасыз етілуі қажет;
4. Пешпен жылытуды пайдалану кезінде:
 - от жанып жатқан пешті қараусыз қалдыруға, сондай-ақ оларды қадағалауды балаларға тапсыруға;
 - жағу үшін дайындалған отынды, сондай-ақ басқа да жанғыш заттар мен материалдарды пештің алдындағы табаққа орналастыруға;
 - қатты отын жағылатын пештерді жағу үшін тез тұтанатын және жанғыш сұйықтықтарды қолдануға;
 - пештерді шамадан тыс қыздыруға;
 - жанғыш заттар мен материалдарды (аяқ киімді, киімді, ағашты) пештер мен түтіндіктердің бетінен 0,5 м кем қашықтықта кептіруге;
 - ысырмаларды (жаппаларды) жобалау нормаларында көзделген ойықтарсыз қолдануға;
 - ақаулары, сызаттары мен саңылаулары бар пештерді жағуға жол берілмейді.

мақсатында газ аспаптары мен баллондарды пайдалану кезінде өрт қауіпсіздігі қағидаларын еске саламыз:

- тұрмыстық газ аспаптарын газбен жабдықтауға арналған газ баллондары (оның ішінде ас үй плиталары, су жылыту қазандықтары, газ колонкалары) ғимараттардан тыс жасарлас құрылыстарда немесе жанбайтын материалдардан жасалған шкафтарда қабырғаның тұйық тұсында кіреберістен кемінде 5 м қашықтықта ғимарат, цокольдық және жергілікті қабаттары орналасады;
- балаларға және осы аспаптармен жұмыс істеу ережелерін білмейтін адамдарға газ аспаптарына жол бермеңіз;
- газ баллондарын гараждарда, пәтерлерде, балкондарда сақтамаңыз;
- газ баллондарын тек мамандандырылған пункттерде ғана толтырыңыз;
- пәтерді жылыту үшін газ плиталарын пайдаланбаңыз;
- пәтерлерде газ плиталарын өзіңіз қоспаңыз және ажыратпаңыз;
- газ құрылғыларын қосу кезектілігін сақтаңыз;
- газ ағып кеткен кезде сіріңкені тұтатпаңыз, темекі шекпеңіз, жарық пен электр құралдарын қоспаңыз;
- иіс пайда болған кезде дереу газ қызметі мен өрт сөндіру күзетінің қызметкерлерін шақырыңыз. Біз жоғарыда от жағу маусымы кезеңіндегі және газ аспаптарын пайдалану кезіндегі қауіпсіздік талаптарының сақталуын келтірдік. Сондықтан ауданымыздың әрбір тұрғынына өрттерден түрлі зардаптар келмес үшін, сақтық шараларын орындау кезек күттірмейтін мәселе екендігін ескертіміз келеді. Есіңізде болсын! Өрт кезінде салқынқандылық танытыңыз, өрт сөндіру бөліміне «101» немесе «112» телефоны бойынша хабарласыңыз!

Ойыл ауданының төтенше жағдайлар бөлімі

А. МАЙЛЫБАЕВА, МӨМС бойынша спикер.